

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 98 " Жаңаөзен қаласына бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 8 қыркүйектегі № 438 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 қыркүйекте № 29556 болып тіркелді

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің "Жаңаөзен қаласына бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" 2022 жылғы 3 наурыздағы № 98 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27330 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

Жаңаөзен қаласына бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларында:

қазақ тіліндегі 11 - тармақ жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"11. Сараптаманың оң қорытындысын алғаннан және ағымдағы жөндеудің сметалық құны немесе көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбетін, шатырын күрделі жөндеудің жобалау-сметалық құжаттамасы бекітілгеннен кейін Бөлім бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес бюджеттік өтінім жасайды."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңаөзен қаласының әкімі

А. Косуаков